

"Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № А-4/170 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27658 болып тіркелді

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26811 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары Е.М. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев